**БЕКІТЕМІН**
**Проректор**
**____________ У.М. Датхаев**
**«25» 08 2026 г.**

# С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰМУ-ДЫҢ БІРІНШІ КУРС СТУДЕНТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАУ ЖӘНЕ БЕЙІМДЕУ ІС-ШАРАЛАРЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

**Өткізу кезеңі:** 2026 жылғы 27 тамыз – 20 қазан.

## БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ

Бірінші курс студенттерінің С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дың білім беру, әлеуметтік және мәдени ортасына табысты бейімделуіне, университет қауымдастығына тиімді кірігуіне жағдай жасау, сондай-ақ оларды негізгі академиялық талаптармен, университеттің ішкі тәртіп қағидаларымен, инфрақұрылымымен және тұлғалық әрі кәсіби даму мүмкіндіктерімен таныстыру.

## БАҒДАРЛАМАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

1. Бірінші курс студенттерін университетпен, мектептермен, оқу ғимараттарымен, жатақханалармен және инфрақұрылыммен таныстыру.
2. Білім беру процесін ұйымдастыру тәртібін, академиялық саясатты, студенттердің құқықтары мен міндеттерін түсіндіру.
3. ҚазҰМУ тарихымен, дәстүрлерімен және құндылықтарымен таныстыру.
4. Студенттердің қауіпсіз әрі қолайлы бейімделуін қамтамасыз ету.
5. Бірінші курс студенттерін ғылыми, шығармашылық, спорттық, волонтерлік және қоғамдық қызметке тарту.
6. Студенттік өзін-өзі басқару органдарымен, клубтармен және студенттік ұйымдармен таныстыру.
7. Командалық рухты, өзара құрметті және өзара іс-қимыл мәдениетін қалыптастыру.
8. «Толық адам», «Адал азамат», «Заң мен тәртіп», «Таза Қазақстан» құндылықтарын дәріптеу.

| № | Бағыты | Іс-шаралар | Күні, уақыты | Мазмұны / мақсаты | Өтетін орны | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Университетпен танысу | FAMILY DAY | 27 – 31.08 10:00-12:00, 14:00-17:00 | Бірінші курс студенттерімен және олардың ата-аналарымен кездесу. Университетпен, оқу және тұру жағдайларымен, студенттерді қолдау жүйесімен таныстыру. Студенттер мен ата-аналарға оқу, тұру және бейімделу мәселелері бойынша консультациялық қолдау көрсету. | ҚазҰМУ алаңдары және Құрманғазы көшесі, 113. | Деканаттар, БАДжКД, ТЖСБО, СҚКО, СҚО |
| 2 | Жатақханаға орналастыру және бейімдеу | Жатақханаларға орналастыруды ұйымдастыру | 31.08-06.09, 09:00-18:00 | Тіркеу, құжаттарды ресімдеу, студенттерді бөлу және бірінші курс студенттерін жатақханаға орналастыру. | ҚазҰМУ жатақханалары<br><br>Құрманғазы көшесі, 113. | Деканаттар, БАДжКД, ТЖСБО, СҚО |
| | | «Қауіпсіз жатақхана» нұсқамасы | 31.08-07.09 18:00-20:00 | Жатақханада тұру қағидаларымен, қауіпсіздік техникасымен, өрт қауіпсіздігі талаптарымен, ішкі тәртіп ережелерімен және студенттердің жауапкершілігімен таныстыру. | | Деканаттар, ӘҚжӨӘО, ТЖСБО, СҚО |
| | | Жатақхана кампусы бойынша экскурсия | 01.09-07.09 17:30-18:30 | Кампус инфрақұрылымымен, қызметтермен және негізгі нысандармен таныстыру. | | СҚО, Студенттер кеңесі, деканаттар |
| 3 | Қауіпсіздік және қолдау | Ситуациялық орталық | 31.08-07.09 18:00-20:00 | Студенттерге жедел консультациялық қолдау көрсету, өтініштерді қабылдау, жатақханаға орналасу, тұру жағдайлары және жатақханадағы тұрмыстық мәселелер бойынша қажетті ақпарат беру. | Ситуациялық орталық / жатақханалар кампусы | ӘҚжӨӘО басшысы – А. Бекжанов,<br>СҚО басшысы – С. Каменов.<br>Тел: 338-70-90 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Дағдарыс орталығы | 25.08-07.09<br>18:00-20:00 | Қиын өмірлік немесе дағдарыстық жағдайға тап болған білім алушыларға жатақханадан уақытша орын беру. | Кризисный центр / общежития № 1, № 2 и № 8 | ӘҚжӨӘО басшысы – А. Бекжанов,<br>СҚО басшысы – С. Каменов. |
| 4 | Білім күні | «Білім күні» салтанатты іс-шарасы | 01.09<br>11:00-12:00 | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын көтеру, Мемлекеттік Гимнді орындау, университет басшылығының құттықтау сөзі және жаңа оқу жылының ашылуы | Ректораттың бас ғимараты алдындағы алаң. | БАДжҚД, деканаттар, АЖД, ЦД |
| | | «Мектеп декандарымен кездесу» | **01.09.2026**<br>ШС -12:00<br>ШФ -12:00<br>ШОЗ - 12:30<br>ШОМ1- 14:00<br>**02.09.2026**<br>ШП - 14:00<br>**03.09.2026**<br>ФПО – 09:00 | Мектеп басшылығымен, білім беру бағдарламасымен, оқу процесін ұйымдастыру тәртібімен, академиялық саясатпен, студенттердің құқықтары мен міндеттерімен, кураторлық және эдвайзерлік жүйемен, сондай-ақ әлеуметтік-тәрбие жұмысымен таныстыру. | «Конкордия» студенттік театры / 7-корпус, №4 және №6 аудиториялар. | мектеп декандары, АЖД, БАДжҚД, СҚКО, әскери кафедра. |
| 5 | Заң мен тәртіп | «Заң мен тәртіп» қалалық профилактикалық форумы | 02.09<br>10:00-12:00 | Алматы қаласының ЖСБ, Алматы қаласының ПД және ЭТД өкілдерімен бірлесіп құқықтық мәдениет пен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру, құқық бұзушылықтардың, буллингтің, жанжалды жағдайлардың және өзге де тәуекелдердің алдын алу | «Конкордия» студенттік театры | БАДжҚД, ТЖСБО |
| | | | 11.09<br>14:00-16:00 | Студенттермен қауіпсіздік, құқықтық мәдениет, жауапкершілік және қауіпсіз мінез-құлық мәселелері бойынша ақпараттық-профилактикалық жұмыс жүргізу. | «Конкордия» студенттік театры | БАДжҚД, ТЖСБО |
| 6 | Шығармашылық және студенттік | Көркем шығармалар | 03.09<br>10:00-16:00 | Студенттердің көркем туындыларын таныстыру, **Live Painting** | Ректораттың бас ғимараты | БАДжҚД, ТЖСБО, деканаттар, УСҮ, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | өмір күні | көрмесі | | форматында сурет салу | алдындағы алаң | студдекандар |
| | | «Sen music» вокалды-аспаптық тобы | 03.09 16:00-17:00 | **Live Band** форматындағы студенттердің акустикалық өнер көрсетуі | «Конкордия» студенттік театры | Шығармашылық орталық |
| | | Кино кеші | 03.09 17:00-20:00 | Фильмді бірлесіп көру және талқылау. | | БАДжҚД, ТЖСБО, деканаттар, УСҮ |
| 7 | Спорт күні | «Дені саудың - жаны сау!» | 03.09 10:00-14:00 | Футбол, волейбол, баскетбол турнирлері және командалық спорттық белсенділіктер | Ибн Сина алаңы | Центр физического здоровья, ТЖСБО |
| 8 | Ғылым күні | «Бірінші курс студентінің ғылыми маршруты» | 04.09 10:00-13:00 | Ғылыми бағыттармен, Технопаркпен, стартаптармен, ғылыми қоғамдармен және зерттеу жүргізу мүмкіндіктерімен таныстыру. | Технопарк | Ғылым департаменті, ТЖСБО |
| | | Университет кітапханасына экскурсия | 04.09 11:30-12:10 | Кітапхана қорымен, электрондық ресурстармен және ғылыми деректер базаларымен таныстыру. | Кітапхана, 2 корпусы | Кітапхана |
| | | Б. Атчабаров атындағы ІҚМ ҒЗИ-ға экскурсия | 04.09 12:10-13:00 | Ғылыми инфрақұрылыммен және негізгі зерттеу бағыттарымен таныстыру. | Б. Атчабаров атындағы ІҚМ ҒЗИ | НИИ ФПМ |
| 9 | Тарих айы: уақыт пен ұрпақтар сабақтастығы | «ҚазҰМУ тарихы – менің тарихым» | 01.09-25.09 0.09-18.10 10:00-16:00 Мектептер кестеге сәйкес | Экскурсиялар, дәрістер, С.Ж. Асфендияров туралы фильмді тамашалау, университеттің тарихы мен дәстүрлерімен таныстыру.. | ҚазҰМУ мұражайы | Мұражай, ӘД, ТЖСБО |
| | | Анатомиялық музейге экскурсия | | Музей коллекцияларымен, қор сақтаушыларымен және кураторларымен, медициналық білім беру тарихымен таныстыру. | INTRO 4 корпусы | ШОМ-1, анатомия кафедрасы, ТЖСБО |
| | | Кампус-тур | | Оқу ғимараттарымен, негізгі құрылымдық бөлімшелермен және университет инфрақұрылымымен таныстыру. | ҚазҰМУ-дың барлық оқу ғимараттары. | деканаттар, кураторлар, эдвайзерлер. |
| 10 | Шығармашылық бейімделу | ALO-FEST кастингі | 07-09.09 14:30–17:30 | Бірінші курс студенттерін университеттің шығармашылық ұжымдары мен үйірмелеріне іріктеу. | «Конкордия» студенттік театры | Шығармашылық орталық |
| 11 | «Толық адам» | «Толық адам» | 14.09 | Студенттердің профессорлармен, | мектептер / оқу | Деканаттар |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | концепциясы | кездесуі | 14:00-18:00 | еңбек сіңірген қайраткерлермен және университет мектептерінің танымал түлектерімен кездесулері. Әр мектеп кәсіби ортада танылған және тәжірибесі мойындалған тұлғалармен жеке кездесу ұйымдастырады. | ғимараттары | |
| 12 | «Таза қазақстан» қағидаты | «Таза Қазақстан» шеберлік сабағы | 15.09<br>14:00-18:00 | Экологиялық мәдениетті қалыптастыру, университет ортасына жауапкершілікпен қарауды дамыту және студенттерді практикалық экологиялық белсенділікке тарту. | «Конкордия» студенттік театры / ҚазҰМУ аумағы | БАДжҚД, ТЖСБО, Green Office, деканаттар |
| 13 | «Адал азамат» | «Адал азамат» кездесуі | 17.09<br>14:00-18:00 | Академиялық адалдық, кәсіби әдеп, жауапкершілік және адал мінез-құлық қағидаттарын түсіндіру және қалыптастыру. | «Конкордия» студенттік театры | БАДжҚД, ТЖСБО, деканаттар |
| 14 | Студенттерді қолдау жүйесі | «Кімге жүгінуге болады?» | 31.08 - 20.10 | Студенттерді университеттің қолдау жүйесімен және көрсетілетін қызметтермен таныстыру: студенттік ID-картаны алу, «Оңай» көлік картасын рәсімдеу, оқу орнынан анықтама және әлеуметтік анықтамалар алу, жатақханада тұру, әлеуметтік қолдау, академиялық және ұйымдастырушылық мәселелер бойынша консультациялар, сондай-ақ университеттің басқа да қызметтері туралы ақпарат беру. | мектептер / оқу ғимараттары. | СҚКО, ТЖСБО, деканаттар, кураторлар, эдвайзерлер, |
| 15 | Бірінші курс студенттерін студент катарына қабылдау | «Студенттік ұйымдар жәрмеңкесі» | 20.10 | Студенттік өзін-өзі басқару органдарын, клубтарды, волонтерлік, спорттық және шығармашылық бірлестіктерді таныстыру. | Ибн Сина алаңы | БАДжҚД, ТЖСБО, УСҮ, студенттік декандар, студенттер кеңесі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | «ҚазҰМУ студенті қатарына қабылдау» салтанатты рәсімі | 20.10 | Бірінші курс студенттерін университет дәстүрлерімен таныстыру, ҚазҰМУ қауымдастығына тиесілілік сезімін, корпоративтік мәдениет пен студенттік бірегейлікті қалыптастыру. | Ректораттың бас ғимараты алдындағы алаң. | БАДжҚД, ТЖСБО, ШО, деканаттар, УСҮ |
| 16 | С.Ж.Асфендияров мұрасы | «Санжар Асфендияров тағылымы – жас ұрпаққа бағдар» спектаклі | 20.10 | Университет тарихына, С.Ж. Асфендияровтың тұлғасы мен мұрасына құрмет қалыптастыру, университеттік бірегейлікті және ұрпақтар сабақтастығын нығайту | «Конкордия» студенттік театры | БАДжҚД, ШО |

**ЕНГІЗІЛДІ**

Білім алушыларды дамыту және қолдау департаментінің басшысы
_______________ Ш.Р. Шермет
«28» 08 2026 г.

Тәрбие жұмысы және студенттік бастамалар жөніндегі басшы
_______________ Л.Ахан
«28» 08 2026 г.